**Радиоактивті сәулелену көздерін импорттау туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 4 тамыздағы N 741

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына сәйкес (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 29, 226-құжат) Қазақстан Республикасының Ү к і м е т і қ а у л ы е т е д і:

1. "ПетроАльянс" геофизикалық компаниясына "Сазанқұрақ" бірлескен кәсіпорынымен жасалған 1998 жылғы 11 маусымдағы келісім-шартқа сәйкес мұнай және газ ұңғыларында геофизикалық зерттеулер жүргізу үшін АҚШ-тан Қазақстан Республикасына:

белсенділігі 540x$10^{-6}$ кюри Cs 137

белсенділігі 2,5x$10^{-6}$ кюри Ra 226

белсенділігі 500x$10^{-6}$ кюри Am 241

белсенділігі 18 кюри Am 241-Be

белсенділігі 2 кюри Cs 137 (2 дана)

радиоактивтік сәулелену көздерін әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК